



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті 2019 жылдың 18 ақпанында Қазақстан Республикасының Ұлттық Инженерлік академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор А.С. Ахметовке арналған **«Ғылым дамуының өзекті мәселелері мен басым бағыттары»** тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізеді.

Конференция бағдарламасында келесі бағыттар бойынша пленарлық және секциялық отырыстар өткізу қарастырылған:

1. Химиялық ғылым мен білімнің теориялық және қолданбалы аспектілері.
2. Қазіргі құқықтық жүйені дамытудағы өзекті тенденциялар.
3. Экология және қоршаған ортаны қорғау: мәселелері және шешу жолдары.
4. Жаратылыстану және техникалық ғылымдардың қазіргі жағдайы мен даму болашағы.

Пленарлық отырыс 2020 жылдың 18 ақпанында: Өскемен қ., 30-шы гвардиялық дивизия к., 34, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ №1 оқу ғимараты, 111 ауд. өтеді.

Конференция жұмысына қатысуға ғалымдар, профессорлар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар және студенттер мен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері шақырылады. Конференцияға келуге байланысты шығындар қатысушы және жіберуші тарап есебінен жүргізіледі.

Конференция жұмысының тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Конференцияға қатысу үшін **2020 жылдың 05 ақпанына дейін** ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды өткізу керек:

- белгіленген үлгі бойынша қатысуға өтінім;
- төменде көрсетілген рәсімдеудің талаптарына сәйкес рәсімделген мақала;
- ұйымдастыру жарнасының төленгенін растайтын құжат көшірмесі.

Қазақстан Республикасының Инженерлік академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор А. С. Ахметовке арналған «Ғылым дамуының өзекті мәселелері мен басым бағыттары» тақырыбында республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына ҚАТЫСУШЫНЫҢ ӨТІНІМІ	
Автордың (лардың) ТАӘ	
Лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
Жұмыс орны (толық атауы)	
Баяндама атауы	
Секция номері және атауы	
Қатысу түрі (іштей / сырттай)	
Байланыс телефоны (ұялы / қалалық)	
E-mail	
Қонақ үйде бөлмені жалдау қажеттілігі (иә / жоқ)	

Тезистерді рәсімдеу талаптары:

Тезистерді, көлемі 2 беттен аспайтын суреттермен қоса компьютерлік терімдегі материалдар, А4 (210-297 мм) форматындағы парақтарда және электрондық нұсқада және төлем туралы түбіртектің көшірмесімен бірге ұйымдастыру комитетінің konfervkgu2019@mail.ru электрондық мекенжайына жіберу керек. Файлдың атауында бірінші автордың тегі, ұйымның қысқартылған атауы және құжаттың аты көрсетілуі тиіс, мысалы: Қасымов ЕҰУ өтінім; Қасымов ЕҰУ мақала, Қасымов ЕҰУ төлемақы. Мәтін Microsoft Word редакторында Times New Roman әріптерімен негізгі мәтін - 14 кегльде, 1,0 аралық интервалда, азат жол – 1,25 см өлшемді сақтай отырып, ені бойынша тураланып теріледі. Суреттермен қоса алғанда мәтін келесі форматта орналасуы тиіс: сол жақ жиегі - 20 мм, оң жақ жиегі - 20 мм, жоғарғы және төменгі жиектер – 25 мм. Қойылған суреттер жоғары сапалы болып, беттің ортасы бойынша туралануы тиіс. Сурет пен формулалар астындағы жазбалар: орталықта (центр), кегль – 12.

Беттің сол жақ шетінде ӘОЖ, астында бір жолдан кейін бас әріптермен – авторлардың тегі мен инициалдары, келесі жолда кіші әріптермен – жұмыс орындалған мекеменің және қаланың атауы, бір жолдан кейін, ортасына – бас әріптермен баяндаманың атауы, одан ары бір жол қалдырып – баяндама мәтіні көрсетіледі.

Баяндама материалдары толықтай талапқа сай редакцияланған болуы тиіс. Мақала мазмұны үшін жауапкершілік авторға жүктеледі. Ұйымдастыру комитеті материалдар жинағын электрондық түрде шығаруды жоспарлайды.

Тезисті рәсімдеу үлгісі

ӘОЖ 669.162.214

ҚЫРЫКБАЕВ А.К., ТОКСАНОВ Н.С.

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен қ.

БОЛОН ПРОЦЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Баяндама мәтіні Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні.
Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. (14pt)

Кесте 1 – Болон жүйесі бойынша кредиттерді санау (12 pt)

Бакалавриат (4 жыл)	Магистратура (2 жыл)	Магистратура (1,5 жыл)	Докторантура (3 жыл)
Кредит саны	Кредит саны	Кредит саны	Кредит саны



Сурет 1 – Аталуы

Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. [1]. Баяндама мәтіні.
Баяндама мәтіні. Баяндама мәтіні. [2]:

- 1) Баяндама мәтіні;
- 2) Баяндама мәтіні.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Пененко В.В., Алоян А.Е. Модели и методы для задач охраны окружающей среды. – Новосибирск: Наука, 1985. - 54 с.

2 Марчук Г.И. Математическое моделирование в проблеме окружающей среды. – М.: Наука, 1982. - 19 с.

Конференцияға қатысу және жинаққа мақала жариялау үшін ұйымдастыру жарнасы **1500 теңге** (бір тезис үшін) көлемінде университеттің келесі банк деректемелері бойынша (ҚР ИА академигі, т.ғ.д., профессор А.С. Ахметовқа арналған РҒПК деген міндетті белгімен) келесі есепшотқа аударылсын: «Қазақстан халық банкі» АҚ ШҚФ, РНН 181800014976; ИИК KZ256010151000018216, БИК HSBKZZKX, БИН 990240007414, КБЕ 16: «С. Аманжолов атындағы ШҚМУ» ШЖҚ РМК.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы

Қазақстан Республикасы, 070019, Өскемен қ., 30-шы гвардиялық дивизия к., 34, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ №1 оқу ғимараты, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі, 243 каб., тел: 8 (7232) 540-311, 8702-910-30-05.

Ұйымдастыру комитеті